


Бекітемін: 
Мектеп директоры: Ж.Сундетов
«31» 08 2023 ж

Келісемін: 
ДТІЖО: Е.Хитрук
«29» 08 2023 ж

Амангелді орта мектебі
1 сыныптың тәрбие жұмысының жоспары

Сынып жетекшісі: Сағынова М.

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қара шаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Өр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы индикаторлары:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілік пен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМ» АЙЫ

- 1-қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары;
- 5қыркүйек - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Мектебім – мейірім мекені» бірыңғай сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	1.09.2023
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	4.09.2023
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» сынып сағаты «Көше күтпеген оқиғаларға толы» ЖҚЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	11.09.2023
4	«Отбасы-өмір аясы» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, ата-ана комитеті	18.09.2023
5	«Қауіпсіздік ережесін білеміз бе?» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	25.09.2023

ҚАЗАН – «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ

- 1 қазан – Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ұстаз – ұлы тұлға» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	2.10.2023
2	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	9.10.2023
3	«Бес нәрсеге асық бол...» сынып сағаты «Жаяу жүргінші өтпелері» ЖҚЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жоба жетекшісі	16.10.2023

4	«Менің Республикам – Қазақстан» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	23.10.2023
---	---	----------------------------	---------------	------------

ҚАРАША – «ПОЭЗИЯ» АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Аяулы күз, алтын күз» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	6.11.2023
2	«Әкеге – ізет, анаға - құрмет» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, «Ата-аналар мектебі» жоба жетекшісі	13.11.2023
3	«15 қараша - Ұлттық теңге күні» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	20.11.2023
4	«Оян, ар мен адалдық!» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	27.11.2023

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» АЙЫ

- 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Үйрен жақсы әдептен» сынып сағаты «Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам» ЖҚЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	4.12.2023
2	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	11.12.2023
3	«Көк тудың желбірегені» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші «Жеткіншектің жеті жарғысы» жоба жетекшісі	19.12.2023
4	«Төрле, төрле, Жаңа жыл» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	25.12.2023

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

- Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Мен оқыған бір ертегі» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші кітапханашы	8.01.2024
2	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші «Ұлттық мектеп лигасы» жоба жетекшісі	15.01.2024

3	«Отбасылық таланттар» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	22.01.2024
4	«Кітап – сарқылмас қазына» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші кітапханашы	29.01.2024

АҚПАН – «ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші кітапханашы	12.02.2024
2	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші «Жеткіншектің жеті жарғысы» жоба жетекшісі	19.02.2024
3	«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	26.02.2024

НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту» ашық сынып сағаты «Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу» ЖҚЕ	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші «Жеткіншектің жеті жарғысы» жоба жетекшісі	4.03.2024
2	«Бәрі де Ана, бір өзіннен басталды» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	11.03.2024
3	«Қош келдің, Әз-Наурыз» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	18.03.2024

СӘУІР – «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ

- 12 сәуір – Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	1.04.2024
2	«Табиғат тамашалары» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші «Еңбегі адал жас	8.04.2024

	«Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды» ЖҚЕ		өрен» жоба жетекшісі	
3	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	15.04.2024
4	«Кітапханаға саяхат» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі кітапханашы	22.04.2024
5	«Сөз қадірі – өз қадірің» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі «Жеткіншектің жеті жарғысы» жоба жетекшісі	29.04.2024

МАМЫР – «БЕЙБІТШЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ» АЙЫ

- *1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр - Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр - Жеңіс күні*
- *31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*
- *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	6.05.2024
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» ашық сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі «Жеткіншектің жеті жарғысы» жоба жетекшісі	13.05.2024
3	«Менің гүлзарым» сынып сағаты «Қорытынды» ЖҚЕ	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі «Еңбегі адал жас өрен» жоба жетекшісі	20.05.2024

